

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ**  
**ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ**  
**БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**  
**№\_1\_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

1.09. 2024 жыл

**Қатысқандар: АҚ төрағасы:**

1.Досымов Е - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы

**АҚ мүшелері:**

2. Полатұлы С.	Физика кафедрасы, оқытушы
3. Абжолов Б.С.	Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент
4. Алтынбеква М.О.	Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент
5. Сейтов Б.Ж.	Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
6. Сайдахметов П.А.	Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, физика кафедрасының доценті
7. Убадуллаев А	6B05348 –Физика ББ студенті
8. Каримжанов Я	7M05325 –Физика ББ магистранты

**Қатыспағандар: -**

**Күн тәртібі:**

- Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну, Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру.
- Академиялық комитеттің 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну.
- Қолданыстағы ББ бойынша пән силлабустарының мазмұнын тексеру, бақылауға алу.
- ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру.

**Тындалды:**

**АҚ төрағасы Досымов Е.:** Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну, Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Академиялық комитеттің 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну, қолданыстағы ББ бойынша пән силлабустарының мазмұнын тексеру, бақылауға алу, қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылаған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал, Сейтов Б.Ж. алды:**

Бірінші, екінші мәселелер бойынша тоқсалсам, АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау» бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары әзірленіп, бекітілді, ережелермен таныстырылды.

**АҚ мүшесі, академиялық персонал – Абжолов Б.С.:**

Үшінші мәселе бойынша пікірімді білдірсем, оқылатын пәннің деректерін, оның қысқаша мазмұны, тақырыбы мен әрбір сабактың ұзақтығын, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, аралық бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін құрайтын оқу бағдарламасы ретінде силлабустарды дайындау ең жауапты жұмыстардың бірі. Сондықтан да силлабустарды жаңа оқу жылына әзірлеу үлкен даярлықты, ізденісті талап етеді. Жаңа оқу жылына силлабустар даярланып, бекітілді.

Сонымен қатар, пәннің оку әдістемелік кешенін жасау ережесін қайта қарап, өзгеріс енгізу жұмыстарын жүргіздік. Өзгеріске қатысты ұсыныстарымызды бердік.

**АК төрағасы Досымов Е.:** Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қазан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Ең алдымен Қазақстан Республикасы Гылым және жоғары білім министрлігінің «Жаратылыстану ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жайлы ойларымызды ортаға салайық.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, х.ғ.к., доцент Алтынбеква М.О. алды:**

Қазақстан Республикасы Гылым және жоғары білім министрлігінің «Жаратылыстану ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында факультет деңгейінде «Кәсіби практикаларды ұйымдастыру ерекшеліктері» атты оқу-әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Осы семинар барысында кәсіптік практиканы ұйымдастырудың 4 кезеңі ашып көрсетілді. Олар:

- Дайындық;
- Пропедевтикалық;
- Қалыптастыру;
- Қорытындылау

Кәсіби практиканың негізгі міндеттері, білім алушылардың міндеттері мен құқықтары, жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Осыған орай кафедраларымыз кәсіби практика бағдарламаларын даярлауда жаңа бұйрықты негізге ала отырып, ішкі аuditке даярланды.


**АК төрағасы Досымов Е.:** Құрметті АК мүшелері биыл атқарылатын жұмыстармен АК жұмыс және мәжіліс жоспары арқылы танысып шықтыңыздар. Алда атқарылатын жұмыстар өте көп және маңызды. АК құрамы толық нақтыланды, АК жұмыс жоспар әзірленді, ережесі бекітіліп онымен АК мүшелері танысу парактарымен толық таныстырылды.

Жалпы қыркүйек айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

**Шешім:** «Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау» бағыты бойынша Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну, Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну, қолданыстағы ББ бойынша пән силлабустарының мазмұнын тексеру, бақылауға алу, қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:**

**Хатшысы:**



Е.Досымов

С.Полатұлы